

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты
«Көлік техникасы» кафедрасы

Искендер Н. Б.

Қағазды өздігінен жіберетін офсетті ротациялық машиналарды ағымды
жөндеудің технологиялық бөлімін жасау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В072200 – Полиграфия мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Көлік техникасы» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

КТ кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. д-ры, профессор

 С. А. Машеков

« 23 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА


Тақырыбы: «Қағазды өздігінен жіберетін офсетті ротациялық машиналарды ағымды жөндеудің технологиялық бөлімін жасау»

5B072200 – Полиграфия

Орындаған: Искендер Н. Б.

Ғылыми жетекші

Физ-мат. ғыл. канд., қауым,
профессор

 Б. А. Байтимбетова

« 23 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

К. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Көлік техникасы» кафедрасы

5B072200 – «Полиграфия»

БЕКІТЕМІН

КТ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. д-ры, профессор

С. А. Машеков
«*11*» «*11*» 2019 ж.

**Дипломдық жобаға орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Искендер Нұрғазы Бақытжанұлы

Тақырыбы: Қағазды өздігінен жіберетін офсетті ротациялық машиналарды
ағымды жөндеудің технологиялық бөлімін жасау

Университет басшысының №1252-б «06» қараша 2018 ж. бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «24» мамыр 2019 жылы

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері Диплом алдындағы практиканың
есептері

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Жөндеудің технологиялық бөлімі; қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі;
экономикалық бөлім;

Сызба материалдарының тізімі:

а) Машинаның жалпы көрінісі; б) Операциялық эскиздер; в) Механизмді
жөндеудің экономикалық көрсеткіштері



Ұсынылатын негізгі әдебиет: Қасенұлы А., Бегалиев И.Т., Полиграфия
жабдықтарын орнату, техникалық күту және жөндеу. Оқу құралы –
Алматы: Курсив, 2008 ж. 160 б.

Дипломдық жобаны дайындау


КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Технологиялық бөлім	15.01.19 – 01.03.19	
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	01.03.19 – 20.03.19	
Экономикалық бөлім	26.03.19 – 30.04.19	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен ереже бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Экономикалық бөлім	Б. А. Байтимбетова Физ-мат. ғыл. канд., асоц. профессор		
Ереже бақылау	Ж. Ж. Толыбаева лектор, КТ кафедрасы		

Ғылыми жетекшісі



Б. А. Байтимбетова

Тапсырманы орындауға білім алушы



Н. Б. Искендер

Күні

«15» қараша 2018 ж.

АҢДАТПА

Ұсынылып отырған дипломдық жобада моделі SM74-4 табақты офсеттік ротациялық басу машинасындағы қағаз беру механизмін ағымды жөндеуінің технологиялық бөлімі қарастырылған.

Ұсынылып отырған дипломдық жоба:

- технологиялық бөлім;
- өмір қауіпсіздігі;
- экономикалық бөлімдерден тұрады.

Технологиялық бөлімде тасымалдау құрылғысына, қағаз жинақтау машинасына және оның негізгі бөліктері мен механизмдеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу тәсілдері жан-жақты сипатталған.

Дипломдық жобаның түсіндірме жазбасы 36 беттен, 8 кестеден және 2 суреттен тұрады.

«Өмір қауіпсіздігі» бөлімінде қызметкерлердің қауіпсіздігі және оларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру жолдары қарастырылған.

Экономикалық бөлімде ағымдағы жөндеу жұмыстарына кететін шығын көлемінің есебі көрсетілген.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте разрабатываются технологические процессы текущего ремонта круглоштапельного самонаклада листовой офсетной ротационной печатной машины модели SM 74-4.

Данный дипломный проект состоит из:

- технологическая часть
- безопасность жизнедеятельности
- экономическая часть

В технологической части подробно описано ремонт транспортирующего устройства, листоподборочной машины и его основных части и механизмы.

Пояснительная записка дипломного проекта содержит 37 листов, 7 таблиц, 9 рисунок.

Раздел «Безопасность жизнедеятельности» рассматривает безопасность работников, обеспечение освещенности на рабочем месте и показано безопасность.

В экономической части показаны расчеты затраченные на текущий ремонт.

ANNOTATION

In this diploma project, the technological process of the current repair of the transporting device of the collating machine model SM 74-4 is considered.

This diploma project consists of:

- technological part
- safety of life activity
- economic part

The technological part details the repair of the transporting device, the collating machine and its main parts and mechanisms.

Explanatory note of degree project contains of 37 sheets, 7 tables, 9 figures.

Section "Life Safety" examines the safety of employees, providing illumination in the workplace and shows safety.

The economic part shows the calculations spent for current repairs.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9	
1	Технологиялық бөлім	10
1.1	Табақты офсеттік ротациялық басу машинаның техникалық сипаттамасы	10
1.2	Негізгі механизмдерінің жұмыс істеу қағидасы	12
1.3	Механизмді бөлшектеу технологиясы	14
1.4	Бөлшектердің ақауларын анықтау	17
1.5	Тез желінетін бөлшектің техникалық сипаты	18
1.5.1	Бөлшек материалының механикалық-физикалық қасиеттері	19
1.5.2	Бөлшектің массасын анықтау	20
1.5.3	Жөндеу әдісін таңдау	21
1.5.4	Механикалық өңдеу әдіптерін есептеу	22
1.5.5	Бөлшек дайындамасының түрін анықтау	23
1.5.6	Бөлшекті механикалық өңдеуінің маршруттық картасы	24
2	Еңбекті қорғау	25
2.1	Машинада жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары	25
2.2	Жөндеу жұмысындағы қауіпсіздік шаралары	26
2.3	Жұмысшылар нұсқаулары	27
2.4	Электрқауіпсіздік шаралар	28
3	Экономикалық бөлім	29
3.1	Өндірістік жабдық	29
3.2	Еңбекті қорғау шараларына қажетті шығындар	32
3.6	Техника-экономикалық көрсеткіштер	33
Қорытынды	35	
Пайдаланылған әдебиеттер	36	

КІРІСПЕ

Басу машиналары өзінің кинематикалық және динамикалық күрделілігімен және автоматтандырылу дәрежесінің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Олардың басу процесіне дайындау, реттеу және қайталап реттеу технологиялық операцияларының атқарылуы негізінен автоматтандырылған, басқару жүйесі компьютерлендірілген, жұмыс істеу жылдамдығы арттырылған. Қазіргі кезеңде басу машиналарының кейбір түрлерінің сериялық шығарылуы тоқтатылған. Олардың ішінде шығықы басу машиналарын атап айтуға болады. Басу жабдықтарының негізгі міндеті өзінің атауы айтып тұрғандай басу технологиялық процесін атқару, атап айтқанда дайындалған формаға бояу беріліп одан көптеп басылым алу. Басу машиналарын кей жағдайларда материалда бедерлі басу үшін, басып оюлау, перфорациялау, т.б. арнайы мақсаттарда да пайдаланады. Басу түрлерінің қайсысымен болса да, бір түсті немесе көп бояулы басу машиналарында газет, кітапжурнал, көркем, акциденттік, этикеткалық, бланк, бумалауға арналған, т.б. өнімдер шығарылады.

Басу машиналарының белгілі бір қасиеттеріне технологиялық мүмкіндіктеріне қарай ерекшелуге болады (басу түріне, басу материалдар түріне, басу процесінің механизациялану, автоматтандыру дәрежесіне қарай, басу аппаратының құрылу ерекшеліктеріне т.б.). Басқа да ерекшеліктеріне қарай – шағын, орташа, үлкен форматты, бір бояулы – көпбояулы; біржақты басу екі жағынан басу; жалпы пайдалануға арналған машиналар, арнайы басу түрі машиналары т.б. Жазық басу және тигельді басу машиналары қазіргі кезеңде сирек қолданылады, сондықтан анда-санда арнайы тапсырыспен табақты қағазды бір бояулы өнім шығаратын жартылай автомат не автомат түрінде шығарылуы мүмкін. Ротациялық машиналар негізінен автомат түрінде табақты не рулонды қағазда басуға арналады. Олардың бір бояулы және көп бояулы түрлері кеңінен таралған. Бір типтес, бір бояулы секциялардан құрылған көп бояулы машиналар – секциялық құрылуы машиналар деп аталады. Бір ортақ басу цилиндрінің төңірегінде бірнеше форма цилиндрлері орналастырылған көп бояулы басу машиналары планетарлық құрылымды машиналар да аталады. Жазық басу және тигельді басу машиналары тек шығыңқы басу түрінде ғана қолданылады, ал ротациялық машиналар – шығыңқы, жайпақ офсет және ойыңқы басу түрлерінде қолданылады. Олардың арасында қағаздың бір жағынан ғана және екі жағынан бірдей (рулондық машиналар) басатын машиналар болады. Ең жоғарғы жылдамдықпен жұмыс істейтін машиналар – рулонды ротациялық машиналар, олардың көптеген механизмдері бір бағытта, бір қалыпты жұмыс істейді. Ең төменгі жылдамдық жазық басу машиналары мен тигельдік машиналарға тән. Олардың механизмдері негізінен циклдік тұрғыда жұмыс атқарады, ал басу аппараттары күрделі жетекші механизмдермен жабдықталған. Табақты ротациялық

машиналар жылдамдығы жағынан жазық басу машиналары мен рулондық ротациялы машиналар аралығында [1].

1 Технологиялық бөлім

1.1 Табақты офсеттік ротациялық басу машинасының техникалық сипаттамасы

Алғашқы табақты ротациялық машина 1847 ж. жасалған. Онда басу аппаратының форма цилиндрі тігінен орналасқан. Оның диаметрі 1,63 м және төңірегінде диаметрлері 0,33 м 8 басу цилиндрі және бояу беру аппараттарының біліктері орналасқан. Онда 8 адам қағаз беруші міндетін және 8 адам басылған өнімді қабылдап алып тұрған. Ол машина 1848 ж – 1862 жыл аралығында (14 жыл) жұмыс істеп сағатына 12,0 мың баспа табак беріп отырған. Ондай машиналардың көлемі өте үлкен, көп қабатты және көп адамның жұмыс істеуін қажет ететіндігімен «Мамонт-машина» деп те аталған. XX ғ. басында қағаз беру құрылғылары пайда болып, олар жазық басу және табақты ротациялық басу машиналарында кеңінен пайдалана басталды. Бұл жағдай басу машиналарының өнімділігін арттыруға септігін тигізді. Табақты ротациялық машиналардың ерекшеліктері, қолдану аясы, классификациясы Басу аппаратының тек цилиндрден құрылуы жазық басу машиналарындағыдай жайдақ жүрісті, цилиндр айналымының өзгерісті жылдамдығын қажет етпей, жоғары жылдамдықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сондықтан табақты ротациялық машиналар автомат ретінде құрылады, олардың артықшылығы:

- басу аппараттарының құрылымы қарапайым, пайдалануға ыңғайлы және әркілі түрғыда агрегаттандыруға болады, бұл қандай да болса формадан қағаздың бір жағына немесе екі жағына бір немесе бірнеше бояумен басуға мүмкіндік береді;

- басу аппараттарының жетекші механизмдерінде әрілі-берілі қозғалыс жасайтын, сондықтан динамикалық жүктемелер тудыратын күрделі кинематикалық тізбектер мен бөліктер жоқ;

- бұл басу машиналарында басу цилиндрінің бетін пайдалану коэффициенті (Кб) мен циклді пайдалану коэффициенті (Кц) жазық басу машиналарының көрсеткіштерінен әлдеқайда жоғары ($K_b = K_c = 0,6 \div 0,85$);

- олардың жұмыс істеу жылдамдығы жоғары 8-20 мың цикл/сағат аралығында;

- басу аппараты цилиндрлерінің жанасу ені жазық басу машиналары аппаратындағыдан кем болғандықтан 2 есе және қағаздың пішімі басу аппаратының динамикасына әсер етпейтіндігіне байланысты бұл машиналарда жоғары пішімді (форматты) қағазда (120×162 см дейін) басу үшін пайдалануға болады;

- рулонды машиналарға қарағанда табақты ротациялық машиналарда қағаздың пішімі жағынан шектелу жоқ, жоғары пішімді қағазда басатын машиналарда шағын пішімді (ұзындығы көлденеңі болсын) өнімді болып шығаруға да болады. Басу материалдарын пайдалану жағынан табақты ротациялық машиналар кең дәрежеде әмбебап десе болады. Бір машинада

тығыздығы 30÷1000 г/м², қалыңдығы 0,02÷1,8 мм қағаздарда баса беруге болады. Табақты ротациялық басу машиналарының қолдану аясы өте кең кеңселік және графикалық құжаттарды мәтіндік-өнімдерді көптеп басудан кітап, журнал, плакаттар, жоғары көркемді өнімдер, көпбояулы репродукциялар және құнды қағаздар өнімдерін басып шығаруға дейін десе болады. Баспа өнімдерінен басқа өндірістік өнімдерде осы машиналарда басуға болады (этикеткалар, қораптар, бумалау қағаздары т.т.). Табақты ротациялық машиналар кітап өнімдерін шығаруға аса тиімді (әсіресе мектеп оқулықтарын).

Оларды:

- 1) басу түріне;
- 2) басылымның бір өтімдегі бояулылығына;
- 3) бір жағынан не екі жағынан басуына;
- 4) форматын;
- 5) басу аппаратының құрылу принципіне қарай классификациялауға болады.

Қазіргі кездегі машиналар негізінен ойыңқы және жайпақ офсет басу түрлеріне құрылады. Машиналар бір, екі және төрт бояулы етіп жасалады; бір өтімде көп бояумен басатын да машиналар болады. Қағаздың бір жағынан немесе екі жағынан басатын машиналармен қатар қажетті кезде екі жағынан бірдей басып немесе реттеу арқылы бір жағынан екі бояумен басуға болатын машиналар да орын ала бастады. Басылатын қағаздың пішіміне қарай шағын форматты (60×90 см дейін), орташа форматты (84×108 см дейін) және жоғары (84×108 см-ден жоғары) болып бөлінеді. Табақты ротациялық машиналарда басу аппаратының негізінен үш түрлі құрылымы қолданылады; үш цилиндрлі (бір бояулы), төрт цилиндрлі (екі бояулы). Бес цилиндрлі басу аппаратын планетарлы құрылымдағы басу аппараттарына жатқызуға болады. Арнайы басу машиналарына Орлов әдісімен басу машиналары жатады.. SM74-4 HEIDELBERGтабақты офсеттік басу машинасының техникалық сипаттамасы 1-кестеде көрсетілген.

1 Кесте –SM74-4 HEIDELBERGтабақты офсеттік басу машинасының техникалық сипаттамасы

Басу секциясы	4
Қағаздың максимальды өлшемі,мм	520 x 740
Қағаздың минимальды өлшемі,мм	210 x 280
Басылатын бейненің максимальды өлшемі,мм	510 x 740
Өнімділігі,табак/сағ	15000
Ұзындығы,см	557
Ені,см	276
Массасы,кг	14 995
Электр қуаты,кВт	54
Пластина қалыңдығы,мм	0,25-0,3

Офсет негізінен жазық баспада қолданылады. 1905 жылы АҚШ-та офсеттік баспаға арналған алғашқы машиналар пайда болды.

Офсетті басып шығарудың артықшылығы:

- ең жақсы басып шығару сапасы;
- қағаздың кез-келген түріне басып шығаруға және кейінгі өңдеудің кез-келген түрін пайдалануға мүмкіндік береді;
- үлкен басып шығару жұмыстарын қысқа уақытта басып шығару;
- үлкен қашықтықта офсетті баспа шығындарының айтарлықтай төмендеуі.

Офсеттік басып шығарудың кемшіліктері:

- офсетті басып шығару алдын-ала өңдеуді қажет етеді (түстерді бөлу, түстерді түзету, пішінді жасау, пішінді басып шығару, пресса дайындау, түстерді теңестіру), бұл шұғыл тапсырысты орындау мүмкін емес;
- басуға дейінгі және несие шығындарын көбейтеді, ал кішкене беттерді басып шығару пайдалы болмайды;
- офсетті басып шығарудағы деректерді жекешелендіру мүмкін емес, бірақ бұл минус, мысалы, сандық басып шығару құрылғысы арқылы іске қосылып, айналымның кейінгі баспа өңдеуімен оңай өтеледі.

Табақты ротациялық машиналар кітап өнімдерін шығаруға аса тиімді (әсіресе мектеп оқулықтарын). Қазіргі кездегі машиналар негізінен ойыңқы және жайпақ офсет басу түрлеріне құрылады. Машиналар бір, екі және төрт бояулы етіп жасалады; бір өтімде көп бояумен басатын да машиналар болады. Қағаздың бір жағынан немесе екі жағынан басатын машиналармен қатар қажетті кезде екі жағынан бірдей басып немесе реттеу арқылы бір жағынан екі бояумен басуға болатын машиналар да орын ала бастады. Басылатын қағаздың пішіміне қарай шағын форматты (60×90 см дейін), орташа форматты (84×108 см дейін) және жоғары (84×108 см жоғары) болып бөлінеді. Табақты ротациялық машиналарда басу аппаратының негізінен үш түрлі құрылымы қолданылады; үш цилиндрлі (бір бояулы), төрт цилиндрлі (екі бояулы). Арнайы басу машиналарына Орлов әдісімен басу машиналары жатады.

1.2 Негізгі механизмдерінің жұмыс істеу қағидасы

Дәстүрлі офсеттік баспада қағазға қағаз түсіп, кем дегенде екі білікті жібереді. Олардың біреуі формадағы білік деп аталады, ал екіншісі—офсеттік білік. Формасы көбінесе фоточувствительді жабындысы бар пластина болып табылады әдетте, алюминий қорытпалары плитаның негізі болып табылады.

Содан кейін пішінге кескін қолданылады. Зақымданудан және дамығаннан кейін, көгерген бөліктер суды тарта бастайды және кез-келген майлы зат, атап айтқанда, бояуды басады. Мұндай бөлшектер гидрофильді және (сирек) олеофобты деп аталады. Пішіндердің қалған (жарықсыз) бөліктері, керісінше, суға батып, бояу тартады. Олар өз кезегінде, гидрофобты немесе олеофильді деп аталады. Осылайша, бояу тек әріптер мен кескіндерді қалыптастыратын, тек қалыптың гидрофобты бөліктеріне тасымалданады. Ылғалдағыш роллердің көмегімен әр бұрышта баспа нысаны бар білік сумен жуылады, содан кейін

бояу түсті роботтар жүйесі арқылы гидрофобты бөліктерге қолданылады. Сурет басып шығару формасынан білікке ауысқан білікке, ал содан кейін қағазға көшіріледі. Офсалды білікше бояудың тозуы мен тегістігін азайтады.

Табақты ротациялық басу машиналарының басу құрылғысының құрамына мыналар кіреді:

1. Басу аппараты. Ол басылым алуға арналған, басу формасын бекітетін, декель немесе резина-маталы пластинамен қапталатын, басу материалдарын тасымалдайтын механизмдермен жабдықталған цилиндрлерден тұрады;


2. Цилиндрлердің жетекші механизмдері және басу процесінде сәйкестендіруді қамтамасыз ететін (форма цилиндрін ось бойынша және айналым бойынша ығыстыру) механизмдер;

3. Басу аппараты цилиндрлерінің мойынтіректері;

4. Қысым беру және оның мөлшерін реттеу, ажырату механизмі;

5. Ойыңқы басу машиналарымен кейбір шығыңқы басу машиналарында форма цилиндрін алмастыру құрылғылары;

6. Қосымша және бақылау-тосқауылдау құрылғылары, сондай-ақ, форма, офсеттік цилиндрлерін жуып-тазалау, тежеу, бақылау-өлшеу құрылғылары кіреді. Ең жоғары форматты қағаз табағының қысқа жағы цилиндрдің жұмыс істеу беті доғасының ұзындығына тең болса, ұзын жағы цилиндрдің ұзындық бойына сәйкес келеді. 1 Сурет – Басу цилиндрінің схемасы көрсетілген.



1 Сурет – Басу цилиндрінің схемасы:

а) жалпы көлденең қимасы, б) қармауыштардың жеке реттеу механизмі

Қармауыштар құрылымы олардың әрқайсысының жеке реттелуін қамтамасыз етеді. Тіректері цилиндрдің екі жақ шетіне орнатылған қармауыштар білігіне (А) 35- суретте көрсетілгендей, қозғалыс тұрақты жұдырықшадан (5) ролик және серіппе (6) арқылы беріледі. Бір қармауыштың қағазды ұстау кезіндегі қысым күші шамамен 40-60Н болуы керек. Одан аз болса тасымалдау кезінде қағаздың шеті сырғуы мүмкін, ал көп болса зиянды тербелістер қағазды ығыстыруы мүмкін.

Көп бояулы машиналарда басылымдарды машина жұмыс істеп жатқан кезінде дәлірек сәйкестендіру үшін форма цилиндрі ось бойынша және айналым бойынша ығыстыру механизмдерімен жабдықталған.

1.3 Механизмді бөлшектеу технологиясы

Қағаз беру құрылғылары басу машинасының қағаз өткізу жүйесінің бір бөлігі. Ол басу аппаратына жоғары дәлдікпен, үздіксіз, машинаның әрбір жұмыс циклында бір табақ қағазды беріп тұрыду қамтамасыз етеді. Қағаз беру құрылғысының құрамына самонаклад (өзі бергіш), табақты қағазды дәлдеп реттеу механизмі, қағаз жылдамдығын басу цилиндрінің жылдамдығына дейін үдету механизмі және бақылау- тосқауылдау құрылымы кіреді. Кейде самонакладтармен қатар кей машиналар әртүрлі форматқа кесетін механизмдері бар рулондық құрылғыламен жабдықталады. Бұл табақты ротациялық басу машинасында алдын ала кесіліп дайындалған табақты қағазбен қатар рулонды қағазды да пайдалануға мүмкіндік береді.

Бұл операция басылымның барлық негізгі әдістеріне ортақ және тір типтегі басу машиналары үшін де ортақ, машина басатын қағаз түріне қарай бөлінеді (парақтық немесе рулонды қағаз). Сондықтан мына унификацияланған сұлбаларда беруге болады:

- рулонды машинаға орнықтыру;
- қағазды басу секциялары арқылы өткізу және сынамалық баспа-таңбан басу;

- бүгілімнің қажетті вариантына бүктемелеу аппаратын таптау (журналдық бүгілім, кітаптық, жинақталған, жинақталмаған);

- бақылау-реттеу құрылғыларын баптау .

Парақтық (тигельді, жазық басу, ротациялық басу) машиналар:

- қағаз бергішке қағазды салу;

- парақты бөліп алу құрылғысын парақты тасымалдауыш құрылғыларын баптау;

- алдыңғы және бүйірлік тіреулерді қою;

- қағаз беруді реттейтін және бақылайтын құрылғыларды баптау (қағаз бергіштегі стапельдің көтеру биіктігін реттейтін, қосарланған парақтарды беруді болдырмайтын, бір-біріне қатысты парақтардың орнын бақылайтын, басу машинасында бірнеше басу секциялары болғанда парақтарды қармау дұрыстығын білдіретін, басып шығарылған өнімді санауды жүргізетін электрлік немесе фотоэлектрлік жүйелер);

- қабылдау құрылғыларын (итергіштерді) қағаз пішіні бойымен қою.

Келесі операция – бояу аппаратын әзірлеу дукторлы типтегі көп білікшелі бояу аппаратын пайдаланатын шығыңқы және офсеттік басу машиналарының барлық түріне ортақ болады. Сондықтан бұл жерде негізгі әзірлеу кезеңдерін рет-ретімен ғана атап көрсетумен ғана шектелеміз (сәйкес технологиялық нұсқауларды қара):

- бояу аппаратының білікшелерінен және цилиндрлерінен бояуды жуып шаю (арнайы жуып шаятын құрылғылар көмегімен және органикалық немесе сулық негіздегі еріткіштерді пайдалану арқылы);

- жаймалау бояулық білікшелерді қойып сәйкестендіру;

- дукторлық білікке және қабылдау (жаймалауыш) цилиндрге бояу беру білікшесін сәйкестендіріп қою;

- жаймалауыш білікшелерді реттеп қою;

- пышақ пен дукторлық білікше арасындағы саңылауды түзетіп қою;
- бояу жәшігіне бояу құйып, бояу беруді реттеу.

Жазық басу машиналарында жұмыс істеу кезінде мына әзірлеу операциялары орындалады:

- пайдаланылған форманы машинадан алып тастау;
- машина талеріне жаңа көп жолақты форманы қою, оның кілтін ағыту, раманы бекіту және форманы қайтадан кілттеу;

- басу цилиндріне декельдің жаңа ауыстырылымдық бөлігін қою. Бұл операция – шығынқы басудың әзірлеу процесіне ғана тән. Офсеттік және ойынқы басуларда декельдер (тұтас немесе құрама) ұзақ уақыт пайдаланады, бірақ мерзімді түрде тексеріледі;

- таралымды қағаздардың баспа-таңбаларын сәйкестендіру, яғни парақты қағаздың алдыңғы, артқы жақтарындағы белгілі бір елдерін, бүйір жақтарын дәлдеп қою;

- екі жақты басылым кезінде парақтың екі жақтарындағы баспа-таңбалардың дәлдеп беттесуін (жарыққа қарағанда беттесуін) алу. Сәйкестендіру – қағаз парағының шеттеріне қатысты баспа-таңбаның дұрыс орналасуын қамтамасыз ететін қағаз парағының беттік және кері жақтарындағы баспа-таңбалардың жолақ бойымен әрі жол бойымен қамтамасыз етіп, көпбояулы басу кезінде бояулардың беттесуінің рауалы шектен шықпауын қамтамасыз ететін технологиялық операция. Шығынқы басылымның көп жолақты теру формаларын сәйкестендіру басу формасын басуға және матрицалауға әзірлеу кезінде обкладка бөлімшесінде басталады. Бұл алғашқы сәйкестендіру ол түптер және бастиектер сызықтары бойымен жолақтар орындарын дәлдеп түзеуді қамтамасыз етеді.

Басу машиналарын басуға әзірлеуде ең негізгі орынды сәйкестендіру және орнату операциялары алады. Олар технологиялық ең күрделі, еңбек сыйымдылықты операциялар.

Басу формасынан аралық бетке бояулы бейне-кескінді беріп, ал одан кейін басылу материалына беру принципі осы таңдағы басу машиналарында басу аппаратын құру сұлбасы бойынша ротациялық басу машиналарында жүзеге асырылады. Олардың екі негізгі типке бөлуге болады: парақты қағазды басуға арналған басу машиналары және рулонды қағазды басуға арналған машиналары – офсеттік рулонды басу машиналары. Ол машиналар бір бояулы, көп бояулы бір жақты, екі жақты басу машиналары болып бөлінеді:

- машиналы қағазбен зарядтау;
- басу формасын ылғалдау;
- басу формасына бояуды түсіру;
- басу аппаратына қағаз беру;
- басу процесі немесе басу формасынан офсеттік пластинаға қысыммен бояу бері, ал одан кейін басылатын материалға беру;
- баспа-таңбаларды қабылдау құрылғысын шығару.


Самонакладтар жылдамдығы басу аппаратына қолмен қағаз беру мүмкіндігінен (минутына 25-30 табақ қағаз) жоғары машиналарда автоматты түрде табақты қағаз бер үшін қолданылады.

Олар:

- қағаз топтамасын қағаз беру жүйесіне дейін көтеруді;
- топтамадан табақты қағазды біртіндеп бөліп алуды;
- табақты қағазды реттеу механизмдеріне дейін жеткізуді;
- машинаға қағаздың қисық берілмеуін немесе бірден екі қағаздың берілмеуін қамтамасыз етеді.

Басу машиналарының самонакладтары белгілі бір талаптарға сай болуы керек:

- қағаздың пішіміне, қалыңдығына, тығыздығына қарамай оны циклді түрде реттеу тіректеріне дейін дәл және тұрақты беріп тұруы;
 - қағаз беру барысында оны зақымдамай, ластамай, шеттері жыртып қайырмай жеткізуі;
 - самонакладтығы стапельдік столын қағазбен толықтыру не қайта теру арқылы басу машинасының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуі;
 - қағаз берудің қалыпты жағдайы бұзылғанда (мысалы, қағаз берілмей қалғанда, бірден екі қағаз берілгенде т.б.) автоматты түрде жұмыс істеуін тоқтатуы.
- 2 Сурет – Самонакладтардың түрлері көрсетілген.



2 Сурет – Самонакладтардың түрлері

Шағын форматты басу-көбейту машиналарында фрикционды самонаклад қолданылады (а схема) стрелкамен көрсетілген жұмыс жүрісінде ролик (1) қапқыш (2) тіреп тұрғандықтан (кейде бір бағытта ғана айналатын муфта қолданылады), айнамайды, сондықтан үстіңгі қағазды үйкеліс (фрикционды) күші арқылы ысырып біліктер жұбының (3) арасына береді. Кері жүріс кезінде ролик топтама бетінде еркін айналады. Топтамадан бір табақ қағаз ғана берілуін алдыңғы тиянақ (4) және келесі табақ қағаздың шетін ұстап тұратын

ине (5) қамтамасыз етеді. Фрикционды типтес самонакладтар қағаз бетіне механикалық әсер етеді, кейде оның ластануына жол береді және де қағаздың қалыңдығына, түріне, сортына байланысты жұмыс істеу сенімділігі жеткіліксіздеу, әсіресе жоғары жылдамдықта. Тігінен орналасқан қағаз топтамасының алдыңғы табақ қағазды шығаратын (б схема), сондай-ақ қағаз топтамасынан астыңғы қағазды суырып шығаратын (в схема) самонакладтар шағын форматты конверттерде, карточкаларда, кеңсе құжаттарын т.б. басуға арналған машиналарда ғана қолданылады. Электростатикалық самонакладта (г схема) топтамадан қағазды бөліп алуды тұрақты плита (1) атқарады. Ол диэлектрлік материалдан жасалған. Оның қуыстарына металл планкалары (2) орналастырылған. Ол планкаларға генератор арқылы ауысып отыратын әратты зарядтар беріледі де сол аймақта әртекті, тұйықталған электростатикалық өріс пайда болады. Сол өрістің ықпалымен үстіңгі қағаз топтамадан бөлінеді де, тасымалдауыш таспаларға (3) жабысып қағаз шығаратын біліктер жұбына (4) беріледі. Бұл самонакладтың құрылымы қарапайым, шусыз жұмыс істейді, қағазға ешқандай механикалық әсері жоқ, пайдаланатын энергия қуаты да шамадан аз. Бірақ та, бөлінген қағаз табақтарының поляризациялануы, тасымалдау таспаларының бөлінген қағаз оған нақтылы жабысқанша тоқтап тұруы бұл самонакладтың тиімділігіне кері әсер етеді. Сондықтан мұндай самонаклад шағын форматты және жылдамдығы төмен машиналарда қолданылады.

1.4 Бөлшектердің ақауларын анықтау

Машинаны жөндеудің өндірістік процесі – арнайы жұмыс орындарында белгіленген рет-ретімен атқарылатын жұмыс комплексі.

Полиграфия машиналары түрлерінің конструкциялық құрылымымы жағынан, технологиялық қызметіне байланысты, көптігіне қарамай, машинаны жөндеуді өндірістік процестің құрылымын мына түрде көрсетуге болады:

- машинаны жөндеуге қабылдау, тазалау және жуу;
- машинаны бөліктер және бөлшектерге бөліп ажырату;
- бөліктер мен бөлшектерді жуу;
- бөлшектерді тексеру және ақаулау (дефектация);
- бөлшектерді жөндеу, қайта жасау;
- бөлшектерін түгелдеп жинақтау;
- машинаны жинақтау, реттеу-жүргізу, сараптау;
- машинаны бояу және жөнделген машинаны пайдалануға беру.

Жөндеу өндірістік процесінің даралануы машинаның конструкциялық құрылымынан ғана емес, жөндеу жұмыстарының қандай жағдайда жүргізілетініне де байланысты. Мысалы, арнайыланған, жеке жөндеу бригадалары бар жөндеу зауытында, полиграфия кәсіпорынының жөндеу-механикалық цехына қарағанда, жөндеу процесінің даралануы әсіресе көп болады.

Машинаны жөндеуге дайындауда басу машиналарының бояу аппараттарын, кітапшалау-түптеу жабдықтарының желім аппараттарын бояу мен желімнен босатып тазалау керек.

Тазалау мен жуу үшін өртке қауіпсіз синтетикалық жуу препараттарын пайдаланған жөн.

Бөлшектерді ақаулау жұмыстарын жүргізуде жөндеу кәсіпорындарының тәжірибесін пайдаланып бөлшектерді бес топқа бөліп, олардың әрқайсысын тиісті түспен маркалап, белгілейді:

- жарамдыларын – жасыл;
- жарамды, егер онымен жанасатын бөлшек жаңа немесе номиналды өлшеміне дейін жөнделген болса – сары;
- кәсіпорынның жөндеу- механикалық цехында қалпына келтіруге болатындары -ақ;
- кооперация арқылы басқа кәсіпорындарда жөнделетіндерін – көк;
- жарамсыз, басқа шығарылғандарын – қызыл түспен белгілейді [2].

1.5 Тез желінетін бөлшектің техникалық сипаты

Тісті дөңгелектер мен шкивтерді отырғызуға және пайдалы айналдырушы момент беруге арналған цилиндрлі, жұмыр немесе иінді бөлшекті біліктер деп атаймыз. Машиналарда біліктердің атқаратын қызметі зор. Олардың түзу, иінді және иілгіш түрлері болады.

«Машина бөлшектері курсында» тек түзу біліктердің конструкциясымен олардың есептеу жолы қарастырылады. Ал өс деп айналып тұратын бөлшектерді ұстап тұруға және өзі арқылы пайдалы айналдырушы момент бермейтін жұмыр бөлшектерді айтамыз. Өстер түзу етіп жасалады.

Көптеген жағдайда күштер біліктің ұзындығына біркелкі әсер етпейді. Осыған орай біліктердің бірқалыпты берік болуы үшін, олардың диаметрлерін өз ұзындығына байланысты әртүрлі және отырғызылатын бөлшектердің ішкі диаметріне сәйкес жасайды. Біліктер мен өстердің тірекке тірелетін бөлігін цапфа деп, ортадағы цапфаларды мойынша деп, ал тірелетін шеткі бөлшектерін шип деп атайды.

Біліктердің әр түрлі диаметрлі бөліктері өзара көрсетілген әдістермен жалғасады:

1. Арнаулы ойықтар арқылы. Бұл ойықтар ажарлағыш дөңгелектің шығуына арналған. Диаметрі 10...50 мм біліктердің оймаларының ені 3 мм, тереңдігі 0,25 мм болып, ал диаметрі 50...100 мм біліктердің оймаларының ені 5 мм етіп жасалады.

2. Радиусы тұрақты қисық сызық арқылы. Бұл радиус өлшемдері білікке қондырылған бөлшектердің фаскасының өлшемдерінен кіші болады және олар стандартталған.

Біліктердің материалдары. Түзу біліктерді көбінесе лигерленген және көміртекті болаттардың жасайды. Себебі лигерленген болаттар салмағы мен габаритін азайтады және шлицті (тісті) берілістердің тозуға төзімділігін күшейтеді. Мысалы Ст5 маркалы болат-шынықтырылмаған біліктер үшін, 40,50

және 40X маркалы болаттар шынықтырылған біліктер үшін, 10,20X,40X және 40XНМА болаттары өте жоғары жылдамдықпен айналатын біліктерді жасауға қолданылады [3].

1.5.1 Бөлшек материалының механикалық-физикалық қасиеттері

Болат – темірдің көміртек (2%- ке дейін) және басқа элементтермен қорытпасы, темірдің көміртегі және басқа элементтермен қосылып жасалған деформацияланатын қорытпасы.

Болат – өндіру технологиясына байланысты, қорытпа құрамында көміртектен басқа марганец, кремний, күкірт, фосфор т.б. қосалқы элементтер болады. Мұндай болатты көміртекті болат деп атайды. Болат сапасын арттыру үшін, қорытпа құрамына хром, никель, молибден, ванадий вольфрам, марганец, кремний т.б. элементтер қосылады. Мұндай қорытпа легирленген болат деп аталады. Болат – қара металлургия өндірісінің негізі машина жасау өнеркәсібі мен құрылыста пайдаланылатын негізгі материал. Пайдалану саласына қарай, болатты басты-басты төрт топқа бөлуге болады.

Құрылыстық болат. Әдетте, прокат күйінде құрылыс конструкцияларының әртүрлі элементтері мен вагон, кеме жасауда қолданылады.

Машина жасау болатынан негізінен әр түрлі машина бөлшектері жасалады. Ол үшін термиялық өңдеу мен химиялық-термиялық өңдеуден өтеді.

Аспаптық болат әр түрлі кесу, өлшеу, штамп аспаптарын жасауға пайдаланылады. Айырықша- физикалық қасиеттері бар болат көбінесе электр техникасы, химия, әскери техникаларын жасауда пайдаланылады.

Болаттардың механикалық қасиеті келесі көрсеткіштермен сипатталады: беріктік; серпімділік; пластикалық; морт қирауына бейімділігін көрсететін қасиет немесе соққы тұтқырлығы (морттылығы немесе сынғыштығы).

Болаттың беріктігі сыртқы күшсалмақтарға әсер еткенде материалдың кедергісі бойынша анықталады. Егер жүктеуді аяқтағаннан кейін материал бастапқы пішінге қайтып келсе, онда бұл материалды серпімді деп атайды. Егер жүктеуді аяқтағаннан кейін материал бастапқы пішінге келмеген жағдайда материалды пластикалық деп атайды.

Егер материал аз деформацияның себебінен қираған кезде материалдың морттылығы жоғары болады.

1.5.2 Бөлшектің массасын анықтау

1 Кесте – Есепті шығаруға қажетті мәліметтер

	Дайын-	Қаттылығы	Өңдеу түрі	D _{д.}	L _{д.}	L _{1.}	h, мм	Ажарлау
--	--------	-----------	------------	-----------------	-----------------	-----------------	-------	---------

Вариант №	дама		мен кедір-бұдырлығы параметрі	мм	мм	мм		
0	У7А	Шынықтырылған HRC 60	Таза Ra1, 25	60e7	350	410	0, 22	Бойлық беріспен өтімді
1	40Х	Шынықтырылған HRC 55	Таза Ra0,5	55f7	20	140	0,15	Радиальды беріспен өтімді
2	Ст5	Шынықтырылмаған	Алдын-ала Ra2	90h9	400	600	0, 25	Бойлық беріспен өтімді
3	45Х	Шынықтырылған HRC 45	Таза Ra1, 25	75e7	50	350	0,18	Радиальды беріспен өтімді
4	40	Шынықтырылған HRC 35	Таза Ra1	100 p7	380	700	0, 25	Бойлық беріспен өтімді
5	45ХН	Шынықтырылған HRC42	Алдын-ала Ra2	80h9	300	550	0, 25	Бойлық беріспен өтімді
6	40	Шынықтырылмаған	Таза Ra0,5	50f7	35	285	0,15	Радиальды беріспен өтімді
7	40	Шынықтырылмаған	Таза Ra1	45k6	270	320	0, 2	Бойлық беріспен өтімді
8	35	Шынықтырылмаған	Алдын-ала Ra2	120 h9	500	750	0, 25	Бойлық беріспен өтімді
9	40ХНМ	Шынықтырылған HRC 55	Таза Ra0,5	65r6	240	300	0, 2	Бойлық беріспен өтімді

Моделі 1А62 станогының машиналық қуаты $N_m = 7, 8$ кВт; пайдалы әсер коэффициенті $\eta = 0, 75$; шпинделінің қуаты $N_{шп} = N_m \cdot \eta = 7, 8 \cdot 0, 75 = 5, 8$ кВт. $N_k < N_{шп} (2 < 5,85)$. Өңдеудің мүмкіншілігі бар.

3) Өңдеудің технологиялық уақытын анықтаймыз

$$T_m = \frac{Li}{ns} = \frac{24 \cdot 1}{380 \cdot 0,33} = 0,19 \text{ мин} ,$$

$$\text{мұнда, } L = \frac{D - d}{2} + y + \Delta = \frac{120 - 80}{2} + 2 + 2 = 24 \text{ мм}$$

$y = t \cdot \text{ctg}\varphi = 2 \cdot \text{ctg } 45^\circ = 2$ мм. Кескіштің ену шамасы $\Delta = 2$ мм. Кескіштің кесіп өту шамасы.

1.5.3 Жөндеу әдісін таңдау

Айналу қозғалысын беру бөлшектері жөндеу негізінен біліктер мен осьтерді жөндеуге саяды.

Біліктер мен осьтердің негізгі ақаулары олардың мойындарының цилиндрлік формасының бұзылуы, бетінің тиісті тазалығын жоғалтып, отырғызылу қалпынан ауытқуы; бір-біріне жанасқан бөлшектер бекітілуінің бұзылуы; біліктің не осьтің сынуы, білік майысуы.

Тозған білік мойындарын қалпына келтіру үшін олардың өлшемін номиналды өлшеміне келтіру, номиналды өлшемнен азайта немесе номиналды өлшемнен асыра қалпына келтіріледі. Білік домалау подшибникімен жанасқанда оның мойыны номиналды өлшеміне дейін қалпына келтіріліп, оның бетінің қажетті өңдеу тазалығын қамтамасыз етеді.

Егер білік сырғымалы подшивникпен жалғасса оның мойнының өлшемі тағайындалған жөндеу өлшеміне дейін азайтылып онымен жанасатын төлкені жөндеу өлшеміне сәйкестендіріп қайтадан жасайды.

Полиграфия машиналарының жөндеу біліктерін жөндеу үшін олардың диаметрін 10 пайыздан артық азайтуға болмайды.

Өңдеу барысында оларда ойық (гальтел), сыдырғы, сызат, т.б. қалмауы керек, себебі олар білікті осалдандырып тез істен шығуына әкеледі.

Бөлшектің өңделген бетінің сапасы жоғары болуы үшін оның жасалған болатының маркасын анықтап жөндеуге қажетті электродты дұрыс таңдай білу қажет.

Біртұтас сырғанау подшибниктерінің (төлкелердің) ішкі диаметрі мен біліктің мойынының тозуы шекті жаағдайға жеткенде былай жөнделеді: бөліктің мойыны ажарланып төлке ішкі диаметрі білік мойнының ажарланған өлшеміне сәйкес етіліп қайта жасалады.

Қосымшалары бар подшипниктердің ішкі бетінің геометриялық формасымен майлану жолдарын қалпына келтіретін. Бұл подшипниктерді жөндеу май қабатын, қажетті саңлауды және оның осының білікке орналасқан басқа да подшипниктердің осыне сәйкестігін, сонымен қатар қосымшалардың онымен тығыз жанасуын қамтамасыз етуі керек.

